

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫН АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КӨКТЕМГІ ЕКІ АЙЛЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағы 16) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Тараз қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тараз қаласы аумағын абаттандыру және санитарлық тазалау жөніндегі көктемгі екі айлық 2025 жылдың 1 наурызынан 26 сәуіріне дейін

жариялансын.

2. Тараз қаласы аумағын абаттандыру және санитарлық тазалау жөніндегі қалалық штабтың құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Тараз қаласы аумағын абаттандыру және санитарлық тазалау жөніндегі көктемгі екі айлықтың іс-шаралар жоспары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Тараз қаласы аумағын абаттандыру

және санитарлық тазалау жөніндегі көктемгі екі айлықты ұйымдастыруға мекемелер, кәсіпорындар мен жеке және заңды тұлғаларға бекітілген көшелердің тізімі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары Н. Исабековке жүктелсін.

Қала әкімі **Б. ОРЫНБЕКОВ**

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

«БЕСҚОНАҚ»: КӨКТЕМДЕ КҮН КӨЗІНЕ СЕНУГЕ БОЛМАЙДЫ

Қылышын сүйреткен қыс мезгілі аяқталып, көгілдір көктемді қанатына қондырған құс біткен жылы мекеніне қайта оралуда. Қар құрсауынан арылған қара жерге жан кіріп, тұмса табиғат та қайта түлей бастағандай. Бұл – бет қарықтыратын аяздың қаһары қайтып, сай-саланың тоңы жібитін сәт.

Дегенмен, көктемнің алғашқы айының бірден жадырап сала бермесі анық. Мамыражай күн райының кейде алдап соғатынын да жиі байқаймыз. Ал егін егуге ниетті шаруалар үшін ауа райының қолайлы болуы аса маңызды екені белгілі. Осы ретте «Көктемгі ауа райы шаруаларға қаншалықты жайлы болмақ?» деген сауалға жауап іздеп көрген едік.

Этнограф-ғалым, фольклоршы, қазақ дүниетанымына байланысты бірнеше кітаптың авторы Болат Бопайдың айтуынша, әлімсақтан бері қазақтар жылдың төрт мезгілінің де ауа райын жүргірген аңнын, аққан судың, тіпті төрт түлік малдың қимылына қарап дәл болжай білген екен.

– Қазақ халқының ауа райы болжамы – ықпалы заманнан келе жатқан үлкен есеп жүйесі. Оны аспан есебі деп те атаған. Кейінгі ғылым тілінде – астрономия ілімі. Халқымыз бағзы заманнан бері мал шаруашылығы, аңшылықпен, құс, егін шаруашылығымен айналысып келеді. Күнкөрістің осындай түрі табиғатпен, ауа райымен тікелей қатысты болды. Ол уақытта қазіргідей аспаптар болмағандықтан, өздерінің қамыстан, киізден, сүйектен, ағаштан жасап алған әртүрлі құралдары арқылы, дән басына шығу арқылы ауа райын болжайтын болған.

Ауа райын екіншісі бірі, егіздің сыңары емес, арнайы есепшілер болмаған. Олар өздерінің қойын дәптерінде әр күндегі, әр айдағы, әр жылдағы ауа райының өзгерістерін түсірген. Төрт маусымды, яғни қысты («ақ тоқсан»), көктемді («көк тоқсан»), жазды («жаз тоқсан»), күзді («күз тоқсан») деп төрт тоқсанға бөлген. Сол төрт тоқсанмен ауа райын мезгелеп отырған. Мәселен, наурыздың 9 мен 16-сы аралығында «Әз амалы» кіреді. Осы уақытта аспандан дауыс естіліп, оны төрт түліктің ішіндегі қой ғана ести алады деген аңыз бар. Егер адам баласы Әз дауысты еститін болса, жеті атасына дейін бақытты әрі өмір жолы ұзақ болатын көрінеді. «Әз амалы» кірген күндері ауа райында өзгерістер болады. Мысалы, қар жауады, жел тұрады, боран соғады. Айдың 19 мен 26-сы аралығында Әз-Наурыз амалы кіреді. Ал сәуір айының 10 мен 15-ы («От амалына») аяқ басамыз. Шөптің шыға бастауы осыған тұспа-тұс келеді. 20-25-і аралығында «Сауір амалы» кіреді. Мамыр айының 10-15-інде «Сартан» дейтін амал кіреді. «Сартан» – арабша жүлдіз аты. Осы мамырдың 20-25-іне «Зауза амалы» енеді. Қазақтың «Сартан-Рауза» амалы деп жүрген амалын кейбір жерде «Құралайдың салқынын», «Құралай кнік», «Бескемпір» деп әртүрлі атайды.

Жалпы, ата-бабамыз алдамшы күннің қаупінен әрқаз сактағын отырған. Мезгілі жетсе де жылы киімнің иыққа іле жүріп, тіршілігінің тұтқасына айналған төрт түлігін көзден таса етпеген. Жыл



сайынғы дағдысына сай жылы жақтан құстар ұшып келе бастайды. Дәл осы тұста қар аралас жаңбыр жауып, суық жел тұрады. Ауа райы күрт бұзылады. Мұны халық «Құс қанаты» деп атаған. Сондықтан да наурыз айының соңғы күндері ауа райы осылайша күрт өзгерсе, қарилар «жарықтық», «Құс қанаты» ғой бұл» деп жатады. Ұзамай қар еріп, жер лайсаң болатын шақта – осы. Табиғаттағы бұл құбылмалылық артында жауын мол, дауылы зор «Бесқонақ» амалына жалғасады. «Бесқонақ» келген кезде көктем шуағына жылынып тұрған дала борап, жаңбыр мен қар жауады. Күн суытып, қыс қайта басталғандай әсер де болуы мүмкін. «Бесқонақ» күндері қазақ сапарға шықпаған, малды да алыс жерге жаймаған. Себебі бұл күндері ауа райын болжау қиын. Бұл құбылысты «Бесқонақ» деп аталуына қатысты аңыздар жетерлік. Соның бірінде баяғыда бес адам жаз шыққан екен деп жеңіл киініп, екінші ауылға қонаққа кеткен. Бірақ жолда күн суып, қарлы боран соғып, қақаған қыс қайта келіпті. Сол кезде жолдағы бес қонақ дүниеден өтіпті. Содан кейін бұл күндерді «Бесқонақ» деп атап кеткен» деседі.

Тағы бір айта кетерлігі, наурыз айындағы елжіреген күн көзіне малшы, егінші қауым аса сене бермейді. Қар күрт ерігенімен, кенеттен алай-дүлей қар борап, аласапыран болып кетеді. Малшы халықтың қарбаласқа толы тыным көрмейтін шағы да осы айда қозады. Қой түлігі де жаппай төлдей бастайды. Ол ел аузында «Қой төгіні» деген атаумен қалған. Бұрын бала күнімізде үлкендер көктемнің алғашқы айындағы салқынды ақпанның үскірік азынан да қатты ызғар болады деп айтып отырушы еді. Себебі, онда сау адамның өзін жарға жығып кететін күш бар көрінеді. Сөйтіп, «Сәуір болмай, тәуір болмайды» демекші, мамыражай мамырға таман ғана күн райы тұрақталады. Бұл уақытта жайдарлы жаздың лебі есіп, адамдар арқасын кеңге сала бастайды, – дейді этнограф-ғалым.

Этнограф, эколог, құсбегі, Мойынқұм ауданының Күрметті азаматы Жапар Сатылғановтың болжамынша, биылғы көктем жаңға жайлы болмақ.

– Жалпы, жыл құстарының ішінде сарбауыр көкала торғай көктемнің хабаршысындай болып бірінші оралады. Одан соң көкек келеді. Міне, осы екеуі

көктемнің жеткенін алғашқы болып білдіреді. Көктегі айдың тууынан аңғарғаным – алда қара суық күндер болуы мүмкін. Алайда биылғы көктем ерте шығып, мал да, адам да тойынатын мамыражай қалыпта өтеді, – дейді Жапар Тілеужанұлы.

Осы тұста «Қазгидромет» РМҚ мамандарының наурыз-мамыр айларына арналған ауа райы болжамына зер салған едік. Олардың мәліметінше, көктемнің алғашқы айы – наурызда Қазақстанның солтүстік облыстарында қыс мезгіліндегідей суық ауа райы күтіледі, қар жиі жауып, бұрқасын болады. Жер көктайғақ болып, тұман түседі деп болжанады. Ауа температурасы түнде -15-25°C-қа түсіп, аяз болады. Елдің солтүстік, орталық және шығысында бірінші онкүндікте ауа температурасы күндіз +2+7°C көрсетіп, жылымық сезіледі. Айдың үшінші онкүндігінде ауа температурасы +5+15°C-қа көтеріледі. Ал Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-батыс өңірлерінде наурызда жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) жиі болады. Ауа температурасы түнде 0-10°C-тан +3+8°C-қа дейін, күндіз +10°C-тан +18°C-қа дейін көтерілуі байқалады. Наурызда бір айдағы орташа ауа температурасы Қазақстан аумағының басым бөлігінде нормаға сай, елдің оңтүстік-шығыс бөлігінде нормадан 1°C жоғары болады деп күтілуде. Тек мамырда елдің солтүстік-батыс жартысында температуралық фон нормаға шамалас болмақ.

Сәуір айында республиканың басым бөлігінде жауын-шашын климаттық нормаға сәйкес, солтүстік-батыс аймағында нормадан аз, елдің оңтүстік, оңтүстік-шығыс, шығысының таулы аймақтарда қалыптандан жоғары болады. Мамыр айында республиканың басым бөлігінде жауын-шашын мөлшері нормаға сәйкес болады деп болжанып отыр.

Құрмаш ҚАПТАҒАЙ

ДІН-ДІНГЕК

Рамазан айында ораза тұту – Алланың екі дүниедегі қисапсыз қазынасына кенелу деген сөз. Халқымыз «Бұл өмір – сынақ» деп жатады. Иә, өмірде кездесетін қиыншылықтар өте көп. Сондай сәттерде сауық-сайран құрып, қуаныштан аяқты қамсыз басып жүру бақытты адамның сипатындай көрінер. Бірақ нағыз бақыт – Алланы танып, оның қамқорлығын сезіну

ТЕҢДЕССІЗ НЫҒМЕТТЕР АЙЫ



Хадисте: «Алла Тағала: Пендем мені қалай ойласа. Мен ол үшін сондаймын. Ол Мені есіне алса, Мен онымен бірге боламын. Ол Мені іштей есіне алса, Мен де оны іштей есіме аламын. Ол адамдар арасында есіне алса, Мен оны сол ортадан артық ортада есіме аламын. Пендем Маған бір кез жақындаса, Мен оған бір құлаш жақындаймын. Егер Маған жүріп келсе, Мен оған қарай жүгіремін», – деген.

Осы хадисте Раббымыз: «Пендем Мені қалай ойласа...» деп ең ауелгі ерікті өзімізге беріп отыр. Ендеше, сауаптар еселеніп, жақсылықтар берекеленетін Рамазан айы мұсылмандарға нағыз сынақ деуге болады. Сондықтан мейірім иесі болған Раббымызды қуантатын амал жасап, разылығына ұмтылу басты мақсатымыз екен. Өзінің құлдарының әлсіздігін білетін Алла Тағала Рамазан айын қасиетті нығметтерге толтырған. Оған тек Алланың белгілеген тәртібіне мойынсұнып, 30 күн ораза тұтып, намазға ұмтылып, Құран оқып, садақа беру секілді Раббымыздың жақсы көрген құлшылықтарын орындау арқылы жетеміз.

Халқымыздың «Алланың рақымы жаусын!» деген қасиетті батасы бар. Осы бір ауыз сөзде қаншама құпия, береке бар. Өйткені Алланың мейірімі, рақымы төгілген адам ғана ораза тұтып, құлшылыққа ден қоймақ. Раббымыздың мейірімінен үміттеніп, мұсылмандық парыздарды түйсініп, жақсылық жасауға

асығуымыз керек. «Адамды Алланың өзі өзгертпесе, бізден не шара» деп шарасыздық таныту мұсылманға жат қылық. Өйткені Пайғамбарымыздың (с. а. с.) хадистері арқылы дұға – құлшылық өзегі, мұсылманның қаруы екенін жақсы білеміз. Біздің қолымыздағы керемет қару – дұға. Сондықтан өзіміз үшін де, өзгелер үшін де Алланың рақымын тілеу маңызды.

Ендеше Ұлы Жаратушымыздың рақымына бөлену мүмкіндігі туған сын сағатта әрбір мұсылман бейқамдық пен шарасыздықты жеңіп, нәпсісін бағындыруы – нағыз мықтылық. Өйткені Раббымыз біз үшін шайтандарды кісендеп, тозақтың қақпасына құлып салып, жәннәт бақшаларының есігін айқара ашқан сәтте қалайша оған ұмтылмаймыз? Бойындағы нәпсісіне емес, әлемдердің Жаратушысына құл болу бақытын қолдан жібермей, рақымға тұнған Рамазанның нығметтерінен құр қалып қою мықты мұсылманның сипатына емес. Алланың рақымына бөлер асыл дініміздің дінгінің бірі болған Рамазан оразасын барынша бірлік-ынтымақпен жалғастыру арқылы Раббымыздың рақымынан үміттенген мұсылманға қасиетті Рамазанның кешірімі мен сансыз мейіріміне бөлейтін нығметтер есігі ашыламы.

Ержан АМАНБАЕВ,
Тараз қалалық орталық
«Әулие ата» мешітінің бас имамы

САЛА ТЫНЫСЫ

2013 жылдың 15 сәуір күні «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды. Бұл Заң талаптары көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша жаңа көзқарастарды қалыптастырып, негізінен қызмет алушы және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫҢ ӨЛШЕМІ

Сонымен қатар мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген қызмет сапасымен қанағат тұптайтыны, шағымдар болатынына байланысты, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Заңда көрсетілген мемлекеттік қызмет түрлеріне шағым беру тәртібіне қатысты нормалар енгізілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы қамтиды. Өйткені азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатыны белгілі. Сондықтан мемлекеттік қызмет көрсетуші органдардың басты мақсаты – азаматтардың өмір сүруіне тиісті жағдай жасау.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі қағидаттары:

– көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына,

ЗДОРОВЬЕ

ПОЧЕМУ ЗА РАБОТНИКА ВОЗВРАЩАЮТСЯ ПЛАТЕЖИ НА ОСМС?

За льготные категории взносы на ОСМС уплачивает государство. К примеру, это неработающие беременные женщины, лица, ухаживающие за ребенком до трех лет, зарегистрированные безработные и другие. Однако есть лица, которые могут одновременно работать и относиться к льготной категории. Это:

- * дети;
- * студенты;
- * лица с инвалидностью;
- * пенсионеры;
- * многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа» и «Күміс алқа».

Согласно законодательству, работодатели освобождены от уплаты отчислений и взносов за этих лиц. Поэтому платежи, поступающие за них, считаются ошибочными.

Все платежи проходят через государственную корпорацию «Правительство для граждан», которая с сентября этого года ввела механизм автоматического возврата ошибочных платежей.

Если вам вернулся платеж за работника, это связано с наличием льготы, о которой

нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайлар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуге;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;
- мемлекеттік қызметтің қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;
- мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;
- мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Жоғарыда атап өткендей, мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуіне міндетті.

Ә.АХМЕТОВ,
Көгершін ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы
Т.Рысқұлов ауданы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ	ПРОВОДЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ
<p>«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің су шаруашылығы комитеті» РММ 14.03.2025 жылдан бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда «Жамбыл облысы, Талас және Байзақ аудандарының шекарасындағы Талас өзенінде «Ақмола» су қоймасының құрылысы» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Қоғамдық талқылаулар» нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні хабарлайды. Әсер етуі мүмкін аумақтар: Талапты, Сарыбұлақ, Шахан (Чапаево) өлді мекендері.</p> <p>Жұрттылық өкілдері материалдармен танысып, өз ескертулерін, ұсыныстары мен сұрақтарын Бірыңғай экологиялық порталдың https://esportal.kz сайттыңдағы «Қоғамдық талқылаулар» айдарында жолдай алады.</p> <p>Бастамашы: «ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің су шаруашылығы комитеті» РММ, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, БСН: 910640000040, тел: +7 (7172) 74-14-55, e-mail: kense@mins.gov.kz</p> <p>Жобалау ұйымы: «Қазгидро» ЖШС, 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Көктөбе» йқшамауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 2/27. БСН: 970440000351, лицензия № 02359P 24.12.2021 ж.</p>	<p>РГУ "Комитет водного хозяйства Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан" объявляет, что с 14.03.2025г. в течение 5 рабочих дней на Едином экологическом портале будут проводиться общественные слушания в форме «Публичные обсуждения» по Разделу «Охрана окружающей среды» Рабочего проекта «Строительство водохранилища «Ақмола» на реке Талас на границе Таласского и Байзақского районов Жамбылской области». Территория, на которые может быть оказано воздействие: населенные пункты – Талапты, Сарыбұлақ, Шахан (Чапаево).</p> <p>Представители общественности могут ознакомиться с материалами, высказать свои замечания, предложения и задать вопросы на сайте единого экологического портала: https://esportal.kz/ в рубрике «Публичные обсуждения».</p> <p>Инициатор: РГУ "Комитет водного хозяйства МВРИ РК", 010000, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Мангилик Ел, 8, БИН 910640000040, тел: +7(7172) 74-14-55, e-mail: kense@mins.gov.kz</p> <p>Проектная организация: ТОО «Казгидро», 050000, Республика Казахстан, г. Алматы, Микрорайон КОК-ТОБЕ, ул. Сағадат Нұрмағамбетов 2/27. БИН: 970440000351, лицензия №02359P от 24.12.2021г.</p>

После смерти Редкоп Аллы Генриховны, 21 декабря 2024 года, открыто дело о ее наследстве.

В связи с этим наследники умершей должны встретиться и зарегистрировать дело о наследстве в течение одного месяца со дня опубликования данного сообщения в нотариальной конторе по адресу: г.Тараз, улица Аль-Фараби, №7 «А», нотариус Шавнева Валентина Владимировна.

Филиал Фонда социального медицинского страхования по Жамбылской области